



Ақтөбе қаласы

2019 жылғы 3-4 мамыр

Баспасөз хабарламасы

ҚР БҒМ Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің тапсырмасы бойынша «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «Ақ шағала» республикалық хореографиялық фестиваль-байқауын 2019 жылғы 3-4 мамырда Ақтөбе қаласының Қалалық оқушылар сарайының базасында өткізеді.

Фестиваль-байқаудың мақсаты: білім алушылардың хореографиялық, шығармашылық қабілеттерін дамыту, үйлесімді тұлғаны тәрбиелеу және әрі қарай дамыту бойынша жүйелі де мақсатты жұмыс жүргізуге жағдай жасау, рухани-адамгершілік және мәдени құндылықтарға араластыру.

Республикада хореография өнерімен балалар барлық жалпы білім беретін мектептерде, 135 өнер мектептерінде, 194 оқушылар сарайлары мен үйлерінде, 92 аула клубтарында айналысады.

Фестиваль-байқау жалпы орта және балаларға қосымша білім беру ұйымдарының балалар хореографиялық ұжымдарының – облыстық, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының Фестиваль-байқау кезеңдері жеңімпаздарының арасында өткізіледі. Республикалық фестиваль-байқауға қатысушылардың жалпы саны – 160 адам.

Фестиваль-байқауға қатысушылар әділқазылардың бағалауына екі номинация бойынша байқау жұмыстарын ұсынады: «Халық биі және халықтық-стильденген би» және «Заманауи би». Керемет қойылымдар, көңілді музыка, қанық сахналық киімдер көрермендердің алдында акварель бояулары сияқты бірінен кейін бірі алмасатын болады.

Фестиваль-байқаудың нәтижесі бойынша жеңімпаздарға дипломдар мен құнды сыйлықтар, жеңімпаздардың жетекшілеріне алғыс хаттар, барлық қатысушыларға сертификаттар табысталады. Сондай-ақ «Әртістілігі үшін», «Бидің ұлттық дәстүрін сақтағаны және дамытқаны үшін», «Би нөмірлерінің ерекшелігі үшін», «Үздік хореографиялық

қойылым», «Халық биін стильдеудегі шығармашылық табыстары үшін», «Ең мәнерлі би», «Би қойылымының ерекшелігі үшін» номинациялары бойынша үздік байқау жұмыстары анықталатын болады.

Фестиваль-байқауды өткізу кәсіби қабілеттері мен біліктерін дамытуға және қолдауға, осы іс-шара аясында хореография саласында жаңа білім алуға мүмкіндік береді. Фестиваль-байқау тек әсерге толы іс-шара ғана емес, ол Қазақстанның хореография өнерінің жоғары беделін қалыптастырады, хореографияны дәріптеуге, мәдени құндылықтарды сақтауға мүмкіндік береді.

«Ақ шағала» республикалық хореографиялық фестиваль-байқауы елдің сан қырлы мәдениетіндегі тағы да бір есте қаларлық оқиға болмақ, сондай-ақ осы оқиғаның барлық қатысушыларына: жас бишілер, педагогтер, ата-аналар және қонақтарға көптеген бақытты, көңілді сәттерді сыйламақ.

Қосымша ақпарат алу үшін келесі телефондарға хабарласуға болады:
+ 7 (7172) 64 27 32; e-mail: rumcdo.muz@mail.ru